

«Ақмола облысы білім басқармасының Бұланды ауданы бойынша білім бөлімі
Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі»КММ
2022-2023 оқу жылында мектептің әдістемелік кеңесі жұмысы бойынша
қорытынды есебі

1. Кадрлар құрамы

Барлық қызметкерлер - 94 адам. Олардың 72-сі педагог қызметкерлер болды, жыл соңында 72 педагог оқу жылын аяқтады. I санатты – 1 мұғалім (1,3%), санаты жоқ – 17 (23,6%). Педагог-зерттеуші-16(22,2%), педагог-сарапшы-19(26,3%), педагог-модератор- 19(26,3%)

Жоғары білім бойынша – 64 (88,8%),

арнаулы орта – 8 (11,1%).

Жоғары және бірінші санатты педагогтер 50% құрайтындықтан білім беру қызметі бойынша біліктілік талаптарына сәйкес.

Кадрлардың сандық және сапалық құрамы

№	Параметрлері	2018-2019	2019-2020	2020-2021	2021-2022	2022-2023
1	Барлық педагог қызметкерлер	63	64	68	69	72
2	Біліктілік санаты					
	жоғары	3	1	1	1	0
	бірінші	14	9	7	3	1
	екінші	11	9	4	5	0
	санаты жоқ	9	10	9	11	17
	Педагог-зерттеуші	6	12	15	15	16
	Педагог-сарапшы	7	14	16	21	19
	Педагог-модератор	3	9	16	13	19
	жоғары және бірінші санаттың пайыздық үлесі	52,3%	56,2 %	57,3%	62,6%	50%
3	Білімі					
	жоғары	56	55	58	58	64
	Арнаулы орта	7	9	10	9	8
	Аяқталмаған жоғары	0	0	0	0	0
4						
	3 жылға дейін	7	4	1	2	5
	3 жылдан 8 жылға дейін	12	12	14	12	7
	9 жылдан 16 жылға дейін	18	18	17	18	18
	17 жылдан 20жылға дейін	11	11	15	11	15
	21 –ден жоғары	16	16	21	24	27

Мұғалімдердің орташа жасы – 30-40, 40-тан 50 жас аралығы.

Педагогикалық кадрлардың аттестациясы

Педагогикалық кадрларды дайындау және аттестаттауы ҚР Білім және Ғылым министрлігі 2016 жылының 27 қаңтардағы №83 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022жылғы 30

желтоқсандағы №533 өзгерістерімен) сәйкес өткізіледі. Педагогикалық кадрлардың тізімі аттестация ережесіне сай жыл сайын тамызда және қаңтар айында кешіктірілмей құрылады.

2022-2023 оқу жылында 19 мұғалім аттестациядан өтуге өтініш берді .

Жаңа оқу жылына алдын ала аттестация жоспары құрылды, аттестациядан өтуге өтініш берген педагогтер тізімі бекітілді. Ұлттық біліктілік тестіні тапсырған Біліктілік санатқа өтініш берген мұғалімдер алдыңғы аттестацияның мерзіміне сай жылдар аралығында атқарған жұмыстарын жүйелеп, портфолио жинақтады. Бастауыш сынып мұғалімінің портфолиосы мерзімінен бұрын берілді деп уақытында өтуге қалдырылды. 18 мұғалімнің портфолиосы біліктілік бағалаудан өтіп ППБ тапсырды. Тест тапсырғаннан кейін 10 педагогке өтініште берген біліктілік санаттары берілді. 9 мұғалім шілде айында ППБ екінші рет тапсырады.

Аттестациядан өткен мұғалімдер туралы мәлімет

Оқу жылдары	барлығы	Санат					
		Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%
2018-2019	16	6	37,5	7	43,7	3	18,7
2019-2020	19	6	31,5	7	36,8	6	31,5
2020-2021 (барлық өтініш берген педагогтер)	23	7	30,4	9	39,1	7	30,4
2020-2021 (аттестация өткен педагогтер)	13	4	30,7	5	38,4	4	30,7
2021-2022 (аттестация өткен педагогтер)	5	1		4		0	
2022-2023	19	4	21	1	5,2	5	26,3

Бес жылғы салыстырмалы кестеден әр жыл сайын біліктілік санаттарының арттырған педагогтер санының өсу динамикасын көруге болады. Бұл ұстаздардың біліктілік деңгейінің көтерілуіне әсерін тигізді, қазақ және орыс сыныптарында жұмыс істейтін ұстаздардың 50 %-ы педагог-зерттеуші, педагог-сарапшы мұғалімдер. Бұл көрсеткіштер мектеп мұғалімдер ұжымының тәжірибелі, әдістемелік жағынан қалыптасқан ұжым екендігінің көрсеткіші .

Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік қызметінің талдауы.

Мектептің ғылым -әдістемелік бірлестік жұмысын ұйымдастыру «Білім туралы» Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңына, **Оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы** Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 29 қарашадағы № 583 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2007 жылғы 13 желтоқсандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 5036 болып енгізілді

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысының тақырыбы: «Білім берудің әлемдік әдіс-тәсілдерін зерттеп, оларды оқыту-тәрбиелеу үрдісіне қолдана отырып, жеке тұлғаның әлеуметтік құзырлығын және шығармашылық әлеуметтілігін арттыруға бағытталған оқу-тәрбие үрдісін дамыту»

Мектептің ғылыми- әдістемелік жұмысының негізгі бағыты:

Білім беру саласындағы жаңалықтарды, озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, жинақтау, тарату, кәсіби біліктілігі мен теориялық білім деңгейін көтеру ісінде нақты ғылыми-

әдістемелік жұмыстар жүргізу арқылы педагогтардың кәсіби құзіреттілік деңгейін жетілдіру, жаңа ақпараттық көмектер көрсетуді оқу сапасын арттыру, өзгермелі ортада өзін таныта алатын құзырлы жеке тұлғаны тәрбиелеуге жұмсау.

Мектептің ғылыми-әдістемелік жұмысына қойылған талаптар:

- Бүгінгі орта білім стандартына негіздей отырып, білім берудегі әдіс-тәсілдерді әлемдік білім беру жүйесіне бейімдеу;
- Мектеп мұғалімдерінің санасын жаңа педагогикалық дидактикалық кеңістікке енгізу жолдарын жасау, кәсіби біліктіліктерін арттыруға баса назар аудару;
- Қазіргі білім жүйесіне орай мұғалімдердің осы саладағы ғылыми-әдістемелік жұмысының болуын қамтамасыз ету, жаңа инновация, технологиялардың іске асырылуына жағдай жасау;
- Педагогтердің үздік тәжірибелерін тарату, насихаттау жұмыстарын ұйымдастыру, әдістемелік нұсқау, оқу құрал жазып шығаруын және іске асыру жұмыстарын қадағалау
- Педагогтердің кәсіби өсуіне қолдау жасау, әдістемелік көмек ұйымдастыру.

Ғылыми -әдістемелік жұмысын мектептегі 6 әдістемелік бірлестік жыл бойында жоспарлы жұмыстар арқылы жүзеге асырды.

Міндеттер:

-әдістемелік апталықтар мен түрлі іс-шараларды сапалы өткізу, оның педагогтардың кәсіби біліктілігі мен әдістемелігінің шеберлігін жетілдірудегі рөлін арттыру;

-өзара тәжірибе алмасу жиындарын өткізе отырып, жас мамандардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ету;

-оқытудың белсенді әдістері мен түрлерін, тиімді технологияларын іздестіру, тәжірибе-сынақтар жүргізу;

-Мектеп бітірушілердің білімдерінің ғылыми базасын нығайта отырып, таңдаған пәні бойынша жоғары оқу орнына түсуіне бағытталған дайындық жұмыстарын күшейту;

-оқушылардың бойында жоғары моральдік және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып, оларды кешенді тәрбиелеу бағдарламаларын жетілдіру;

-оқушылардың шамадан тыс оқу жүктемелерін азайту арқылы білім сапасын арттыру. Аталған мақсат пен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында төмендегідей бағыттарда жұмыстар атқарылды.

Мектепшілік әдістемелік кеңестің құрамы:

Нурсадыкова Ж.Е. - оқу ісі меңгерушісі, әдістемелік кеңестің төрайымы
Кожаметов А.А.– директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Муса Маржангул- дарынды балалармен жұмыс бойынша орынбасар
Альжапарова Г.Ұ – педагог-психолог
Бекниязова А.Ш. – жаратылыстану пәндері бірлестігі жетекшісі
Едил Аманжол – гуманитарлық пәндері бірлестігі жетекшісі
Муграж Жания – бастауыш сыныптар пәндері бірлестігі жетекшісі
Юст Е.П.- эстетикалық пәндер бірлестігі жетекшісі

Мектепшілік әдістемелік бірлестіктер:

1. Гуманитарлық пәндері мұғалімдерінің бірлестігі, жетекшісі – Едил Аманжол
2. Жаратылыстану пәндері мұғалімдерінің бірлестігі, жетекшісі –Бекниязова А.Ш.
3. Бастауыш сыныптар пәндері бірлестігі, жетекшісі – Муграж Жания
4. Эстетикалық пәндер бірлестігі, жетекшісі – Юст Е.П.
5. Сынып жетекшілері бірлестігі, жетекшісі – Кожаметов А.А.

Мұнда:

1. Мектеп мұғалімдерінің саяси – рухани білімін арттыру бойынша атқаратын жұмыстары;
2. Мұғалімдердің ғылыми-әдістемелік бойынша атқаратын жұмыстары;
3. Мұғалімдердің атестациялық (біліктілік санаттылықтары) кәсіби – біліктілігін шыңдау

- бойынша атқаратын жұмыстары;
4. Ғылыми жоба, пәндік олимпиада жұмыстары
 5. Мұғалімдерінің қалалық, облыстық семинарлар, әртүрлі сайыстарға қатысуы;
 6. Инновациялық технологиялармен танысу, енгізу; бойынша атқаратын жұмыстары. Мектептің 2020-2021 оқу жылына ғылыми-әдістемелік кеңесінің жұмыс жоспары бойынша нақты тақырыптармен 5 отырыс өткізілді. Әр отырыста педагогтер өз іс-тәжірибелерімен бөлісіп, оқыту үдерісінде туындаған мәселелерді талдады.

Кепілдеме:

- Әр педагог кәсіби құзыреттіліктері мен біліктілік санаттарына сай болуы , өзіндік үздіксіз білім көтеру қызметін үйлестіру;

Курстық дайындық

Мектептің ғылыми-әдістемелік қызметінің ережесіндегі міндеттердің бірі – мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру жүйесін қадағалау .

Әдістемелік бірлестіктер бойынша мұғалімдердің біліктіліктерін көтерудің перспективалық тізімі жасалынған. НЗМ ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы әзірлеген және «Өрлеу» БҚБА орталығы әзірлеген Қазақстан Республикасындағы орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде жалпы білім беру ұйымдары педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру білім беру бағдарламасы бойынша курстан мектеп мұғалімдерінің 95 пайызы өтті.

Мұғалімдердің біліктілік курстардан өтуі

1.	Мұғалімдердің курстардан өту перспективалық жоспарын құру	Қыркүйек	ОЮ
2.	Пән бойынша тереңдетілген курстар, өтінішін қабылдау және қарау	Жыл бойы	Мектеп әкімшілігі
3.	Инклюзивті курс	Жыл бойы	Мұғалімдер
4.	Жаһандық құзыреттілік	Жыл бойы	Мұғалімдер

Мұғалімдердің өзіндік білім көтеру, біліктіліктерін арттыру, ғылыми-практикалық конференция , педагогикалық оқулар ұйымдастыру және өткізу.

№	Тегі ,аты,әкесінің аты	пәні	Кәсіби байқау	Нәтижесі
1	Насретхан Лаура	Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	Аудандық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауы 2022 жыл	3-дәрежелі диплом
2	Жилгельдиева Л.Б.	бастауыш сынып мұғалімі	Аудандық «Үздік авторлық бағдарлама» байқауы 2022 жыл	3-орын
3	Шынуар Айтолқын	бастауыш сынып мұғалімі	«Үздік бастауыш сынып мұғалімі» аудандық байқауы 2022 жыл	3 дәрежелі диплом

Мектеп мұғалімдерінің ғылыми жарыстарға қатысуы

Ғылыми жарыстарға қатысу нәтижесі				
1.	Хасихан Елик	қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	облыстық ғылыми жобалар байқауы 2022 жыл	3-дәрежелі диплом
2.	Муса Маржангүл	қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	облыстық ғылыми жобалар байқауы 2022 жыл	сертификат
3.	Бекниязова Алима	биология пәні	облыстық ғылыми жобалар	сертификат

	Шуакбаевна	мұғалімі	байқауы 2022 жыл	
4.	Муратхан Меруерт	химия пәні мұғалімі	аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауы 2023 жыл	1 дәрежелі диплом
5.	Муграж Жания	бастауыш сынып мұғалімі	аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауы 2023 жыл	3 дәрежелі диплом
6.	Калыкова Б.К.	физика пәні мұғалімі	аудандық ғылыми жобалар байқауы 2023 жыл	2-дәрежелі диплом
7.	Сламхан Саулеш	бастауыш сынып мұғалімі	аудандық «Зерде» ғылыми жоба байқауы 2022 жыл	3 дәрежелі диплом
8.	Садыханова Г.Т.	орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	аудандық ғылыми жобалар байқауы 2023 жыл	2 дәрежелі диплом
9.	Нурсадыкова Ж.Е.	география пәні мұғалімі	аудандық ғылыми жобалар байқауы 2023 жыл	3 дәрежелі диплом

2023 оқу жылында аудандық ғылыми жобалар байқауынан орын алған оқушылардың жұмысы облыстық байқаудың іріктеу кезеңіне жіберілді.

Пәндік олимпиадаларға қатысу нәтижесі				
1.	Калыкова Б.К.	Физика пәні мұғалімі	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Колледж және мектеп мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында ұйымдастырылған І республикалық «Озат педагог» қашықтық олимпиадасы	1 дәрежелі диплом
2.	Жилгельдиева Лаззат Бакытовна	бастауыш сынып мұғалімі	«Алтын тұғыр»	1 дәрежелі диплом
				сертификат

Шығармашылық байқауларға қатысу нәтижесі				
1.	Едил Аманжол	тарих пәні мұғалімі	Облыстық «Менің кіші Отаным» байқауы 2022 жыл	3- дәрежелі диплом
		педагог кәсіби бағдар беруші	«Мамандықтар әлемін ашамыз» республикалық форумның облыстық іріктеу кезеңінің «Менің кәсібім – менің бизнесім» номинациясы 2023 жыл	2 дәрежелі диплом
2.	Тлегенова Г.Т.	тарих пәні мұғалімі	Облыстық «Менің кіші Отаным» байқауы	Сертификат
3.	Тургумбаева Ж.	Педагог-психолог	Аудандық «Үздік психолог» байқауы 2023 жыл	2 дәрежелі диплом

Педагогикалық тәжірибенің әдістемелік басылымдарда ұсынылуы:

1.	Хасихан Елик	оқу ісінің орынбасары	«Uchitelya. kz» республикалық ғылыми-әдістемелік сайт «Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттырудың тиімді тәсілі – коучинг» мақала 2023жыл сертификат
2.	Муграж Жания	Бастауыш сынып мұғалімі	Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Кемеңгер ұстаз» ҚМЖ «Біздің қажеттіліктеріміз бен мүмкіндіктеріміз» 2022 жыл
3.	Сламхан Саулеш	Бастауыш сынып мұғалімі	Республикалық «Инновация» баспа үйі ғылыми-тәжірибелік журналы Ы.Алтынсарин «Өзен» сабақ жоспары

4.	Нурсадыкова Ж.Е.	География пәні мұғалімі	«Тағылым» республикалық журналы коучинг сабақ жоспары «Рефлексия мен кері байланыс» 2023 жыл
5.	Салимжанова Н.М.	Ағылшын тілі пәні мұғалімі	ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі «Алтын білім кілті» әдістемелік ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен «Шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздері және дидактикалық әдістерді қолдану жолдары» атты республикалық тәжірибелік алаңда өз тәжірибесімен бөліскені үшін сертификат 2023 жыл

Мектеп мұғалімдерінің тиімді тәжірибесін тарату, оны қорыту

№	Тегі, аты, әкесінің аты	лауазымы	Іс-тәжірибе тақырыбы	Деңгейі	Нәтижесі
1.	Хасихан Елік	оқу ісінің орынбасары	«Сабақты зерттеу: Қазақстандық мектептердің тәжірибесі»	Облыстық ПШО	сертификат
2.	Садыханова Г.Т.	Орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	Орыс тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері семинары 2022 жыл	аудандық	Ашық сабақ Газетте мақала
3.	Жаркынов Д.Е.	АӘжәне ТД пәні педагог-ұйымдастырушысы	АӘ және ТД пәні бойынша семинар	аудандық	Ашық сабақ
4.	Муса Маржангүл	қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	ШҚ облыстық білім басқармасының «Шығыс» өңірлік А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған педагогикалық оқулар , мақаласы жарық көрді.	Облыстық республикалық	Алғыс хат сертификат
			«Педагогтің үздіксіз кәсіби дамуы» панельдік сессиясы «Өрлеу» БАҰО ,Ақмола облысы	Облыстық	сертификат
			Жамбыл облысы бойынша ҚДИ «Өрлеу» БАҰО –нда республикалық ғылыми-практикалық онлайн-конференция	Республикалық	сертификат
5.	Насретхан Лаура	қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі	ШҚ облыстық білім басқармасының «Шығыс» өңірлік А.Байтұрсынұлының 150 жылдығына арналған педагогикалық оқулар	Облыстық	Сертификат

5.	Муграж Жания Жилгельдиева Л.Б. Шынуар Айтолқын Рахимбай Айсулу	Бастауыш сынып мұғалімдері	Бастауыш сынып мұғалімдері семинары	аудандық	Ашық сабақ Сыныптан тыс сабақ коучинг
----	--	----------------------------------	--	----------	--

Кепілдеме:

-педагогтердің озық іс-тәжірибесін жинақтау және қорыту, тарату және педагогикалық тәжірибенің әдістемелік басылымдарда ұсынылуы бойынша нақты жоспарлы жұмыстарды қолға алу, жандандыру.

Дарынды оқушылармен жұмыс орталығының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс қорытындысы

«Қайнар бұлақ» дарынды оқушылармен жұмыс мақсаты: оқушылардың зияткерлік қызмет пен ғылыми білімге деген қызығушылығын дамыту, дарынды тұлғаның қабілетін бейімділігін іске асыру үшін жағдай жасау, түрлі интеллектуалдық байқауларға қатысу үшін жоғары ынталы білім алушыларды анықтау, қолдау;

Дарынды оқушылар пән олимпиадалары, интеллектуалдық, шығармашылық байқауларға қашықтықтан және оффлайн түрде қатысып, өз білімдерін көрсетті.

19 қыркүйек 9-10 сынып оқушыларына арналған жас тарихшылар "Менің шағын Отаным" атты Ү республикалық интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңі өтіліп, барлығы 4 оқушы қатысты.

Нәтижесінде:

1. "Менің кішкентай Отанымның тарихы" номинациясы бойынша 2- орын 10- сынып оқушысы Бекболат Жайдарман (Пән мұғалімі – Тлегенова Г.Т)

2. "Менің кішкентай Отанымның болашағы" номинациясы бойынша 1 –орын 9 «А» сынып оқушысы Жанарбек Аян (Пән мұғалімі – Еділ Аманжол)

3. "Менің туған өлкем" номинациясында эссе жазу бойынша 1- орын 9 «Б» сынып оқушысы Тілемис Аяулымжәне 10 «А» сынып оқушысы Есенбол Лиза 2- орын иеленді. (Пән мұғалімі – Тлегенова Г.Т)

"Менің шағын Отаным" атты интеллектуалдық конкурсының облыстық кезеңі

9 - сынып оқушысы Жанарбек Аян "Менің кішкентай Отанымның болашағы" номинациясы бойынша 3 –дәрежелі дипломмен марапатталды. Пән мұғалімі – Еділ Аманжол. "Менің туған өлкем" номинациясында эссе жазу бойынша 9 «Б» сынып оқушысы Тілемис Аяулымға облыстық кезеңде сертификат берілді.

«Ақберен» аудандық байқауы

8-11 сынып оқушылары арасында шығармашыл оқушыларға арналған ІХ республикалық «Ақберен» байқауының аудандық кезеңі 27 қыркүйек өтіліп, 6 оқушы қатысып, аудандық номинация жеңімпаздары облыстық кезеңге жолдама алды.

Төменде аудандық кезең нәтижесі ұсынылды:

1. «Шешендік, білгірлік сайысы» номинациясы бойынша 1- орын 11- сынып оқушысы Мурат Айаулым (пән мұғалімі – Муса М)

2. «Көркем оқу» номинациясы бойынша 1- орын 8- сынып оқушысы Бахытхан Айжарқын (пән мұғалімі – Насретхан Л)

3. «Эссе жазу» номинациясы бойынша 2- орын 11- сынып оқушысы Азамат Жансая (пән мұғалімі – Муса М)

4. «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша 1- орын 9- сынып оқушысы Канжил Ерасыл (пән мұғалімі – Хасихан Е)

5. «Ақындар айтысы» номинациясы бойынша 2- орын 8- сынып оқушысы Берденбек Айсұлу (пән мұғалімі – Насретхан Л)

6. «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы бойынша 1- орын 10- сынып оқушысы Жанарбек Ақерке (пән мұғалімі – Хасихан Е)

«Ақберен» облыстық байқауы

Облыстық кезең 19-21 қазан аралығында Шучинск қаласында өтіліп, 4 оқушы қатысты.

Нәтижесінде «Шешендік, білгірлік сайысы» номинациясы бойынша 11- сынып оқушысы Мурат Айаулым «Мадақтама» грамотасымен марапатталды. (пән мұғалімі – Муса М)

Ғылыми

жобалар

байқауы

26-28 қазан аралығында Көкшетау қаласында облыстық ғылыми жобалар байқауы өтті. Жыл

бойы аудандық кезеңнен іріктелген 2 оқушы облыстық кезеңге қатысты. Облыстық кезеңге жолама алған 9 - сынып оқушысы Жанарбек Аян қазақ тілінен «Диалог арасындағы жасөспірімдер тілінің қазіргі қолданыстағы сипаттамасы» тақырыбындағы ғылыми жобасынан қорғап, жүлделі 3- орын иеленді. (пән мұғалімі Хасихан Е).

Ғылыми жобаның облыстық кезеңіне қатысқан 11-сынып оқушысы Мурат Айаулым (пән мұғалімі Муса М) мен «Зерде» жобасы бойынша қатысқан 6-сынып оқушысы Асылбек Аятқа сертификат табысталынды. (пән мұғалімі Бекниязова А.Ш)

Қарашаның 5-і күні Астана қаласында «Дарынды оқушы - ұлт болашағы» атты дарынды оқушылар форумына 4 «А» сынып оқушысы Еримхан Арлан қатысып, «Қазақстанның 100 дарынды баласы» алтын кітабына үздік эссесі жарияланып, диплом төсбелгісімен марапатталды. Жетекшісі – Сламхан Саулеш.

Пәндер олимпиадасы

Макинск №2 жалпы орта білім беретін мектебінде қарашаның 9 күні республикалық 7-11 сынып оқушылары арасында өтілетін пәндер олимпиадасының мектепшілік кезеңі өтілді. Барлығы қоғамдық-гуманитарлық, жаратылыстану-математикалық пәндер бағыты бойынша 44 оқушы қатысып, 2 кезең тапсырмасын орындады. Аудандық кезеңге қатысуға 9-11- сынып аралығында 15 оқушы іріктелді.

5- сыныптар аралығындағы пәндер олимпиадасы

Мектепшілік кезеңіне 23 оқушы қатысып, 9 оқушы 14 желтоқсанда қазақ тілі мен әдебиеті, математика, ағылшын тілі, жаратылыстану, Қазақстан тарихы пәндері бойынша аудандық кезеңге қатысты. Аудандық кезеңнің жеңімпазы 2 оқушы қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі пәндері бойынша облыстық кезеңге қатысты.

Облыстық кезеңде ағылшын тілі пәнінен 6-сынып оқушысы Қасымжанқызы Арайлым жүлделі 3-орын иеленді. (пән мұғалімі – Тулеуова Г.С). Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша 5-сынып оқушысы Алтынбек Гүлдана қатысып орын иеленбеді, сертификат берілді. (пән мұғалімі: Муса М)

«Кенгуру» интеллектуалдық байқауы

Барлығы 5- 7- сыныптардан 13 оқушы қатысты. 11 оқушы жүлделі 2 ,3- орындар иеленді. Серик Мейірім - 3, Насан Мадина - 3, Ақылбек Нуркерім - 2, Оралбек Айым – 2, Тойбазар Кумисгул - 2, Рысбек Динара - 2, Асылбек Аят – 3, Берген Аружан - 3, Сураган Перизат - 3–орын иеленді. Пән мұғалімі – Ермек Айдынбек

Барлығы 5- сыныптардан 4 оқушы қатысып, барлығы 3- орынға ие болды. Алтынбек Гүлдана, Харахат Інжу Хамбарқызы, Сиезд Мөлдір, Бағжанқызы Ақсауле 3-орын. Пән мұғалімі- Есенбол Ахмарал.

Сырттай өтілген Республикалық «Ахмет Байтұрсынұлы оқулары» бейнебайқауына Бағжанқызы Ақсауле қатысып, «Мадақтамамен» марапатталды. (пән мұғалімі Муса М) Қорыта келе, I жартыжылдық бойынша 92 оқушы олимпиада, түрлі байқауларға қатысып, облыстық кезеңіне 4 оқушы жүлделі орындар иеленді. Республикалық «Кенгуру» интеллектуалдық байқауынан 11 оқушы орын иеленді.

Пәндер олимпиадасы (9-11 сынып)

Аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы ақпанның 8 күнгі 9-11- сыныптардың пәндер олимпиадасының қорытындысы туралы бұйрығы бойынша :

2- орынға ие болғандар:

Қазақстан тарихы 11 сынып Хұмырбек Мырза Әлі
география 9 сынып Жанарбек Аян
орыс тілі мен әдебиеті 9 сынып Сансызбай Наурызбай
қазақ тілі мен әдебиеті 9 сынып Тлемис Аяулым

3- орын орынға ие болғандар:

қазақ тілі мен әдебиеті 10 сынып Жанарбек Акерке
биология 11 сынып Мурат Аяулым
информатика 10 сынып Балтабаев Тұрар

Облыстық Әбіш оқулары

Республикалық жалпы орта білім беретін мектептердің 8-11 сынып оқушылары арасында Ақмола облысы білім басқармасының «Ақмола дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығы» МКМ- нің ұйымдастыруымен Әбіш оқуларының облыстық кезеңі 2023 жылы қаңтардың 10 күні онлайн форматта өтілді. Әбіш оқулары 4 бағытта өтілді. Жазушы шығармаларынан иллюстрациялық суреттер салу бағытында 10 - сынып оқушысы Телжанов Мағжан Саматұлы жүлделі 2- орынға ие болды. /пән мұғалімі: Анкей Қанат мұғалім/

«Мәжһүр Жүсіп оқулары» байқауы

«Мәжһүр Жүсіп оқулары» байқауының облыстық кезеңі 2023 жылғы 2-3 наурыз күні онлайн форматта өтілді.

Нәтижесінде:

1. Есенбол Лиза «Білімді зерек адам болам!-десең (эссе жазу) – "Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ, 10 сынып оқушысы қатысқаны үшін сертификат берілді. (пән мұғалімі: Хасихан Елік)

2. Сонгобай Акерке Тойбазарқызы - «Мәжһүр –Жүсіп шығармалары және «Ұлы даланың ұлы есімдері» (ұлттың ұлы тұлғаларын сипаттау)"Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі" КММ, 11 сынып оқушысы белсенді қатысқаны үшін мадақтама берілді. (пән мұғалімі: Муса Маржангуль)

Қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.Бітібаева атындағы облыстық олимпиадасы

Ақмола облысы білім басқармасының " Ақмола дарыны" дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының жоспары негізінде қазақ тілі мен әдебиетінен Қ.Бітібаева атындағы облыстық олимпиадасы наурыздың 9-10 күні өтілді. Нәтижесінде 10 сынып оқушысы Жанарбек Акерке жүлделі 2 орын иеленді. (пән мұғалімі Хасихан Елік)

Облыстық «М.Мақатаев оқулары» байқауы

«М.Мақатаев оқулары» байқауының облыстық кезеңінде 31 наурыз онлайн форматта өтілді. 10 - сынып оқушысы Хайратбек Абдулла жүлделі 1- орын иеленіп, республикалық кезеңге қатысатын болды. (пән мұғалімі Хасихан Елік)

Облыстық «Бала ақын –жас дарын» ақындар айтысы

Біржан сал ауданында өткен облыстық “Бала ақын –жас дарын” атты М.Жұмабаевтың 130 жылдығына арналған ақындар айтысында 8- сынып оқушысы Бергенбек Айсұлу белсенді қатысқаны үшін дипломмен марапатталды. (пән мұғалімі Насретхан Лаура)

Республикалық XXII «Абай оқулары», облыстық I «I.Есенберлин оқулары», XIY облыстық «Махамбет оқулары», «Мағжан оқулары», «I.Жансүгіров оқулары» байқауының аудандық кезеңі

XXII«Абай оқулары», «I.Есенберлин оқулары», XIY«Махамбет оқулары», «Мағжан оқулары» байқауының қорытындысы бойынша

Жанарбек Гаухар, 9- сынып оқушысы

Жанарбек Акерке, 10-сынып оқушысы

Телжанов Мағжан, 10- сынып оқушысы

Бергенбек Айсулулар 1орынға ие болып облысқа жолдама алды.

Тлеміс Аяулым,9- сынып оқушысы, 2-орынға

Бахытжан Айжархын, 8- сынып оқушысы, 2-орынға

Насиретхан Аймағамбетов 2-орынға ие болды.

Облыстық кезеңде «Абай оқулары» байқауынан

10- сынып оқушысы Жанарбек Акерке 3- орын

9- сынып оқушысы Жанарбек Гаухар 2 орын иеленді. (пән мұғалімі Хасихан Елік)

«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі

Бұланды ауданы білім бөлімінің жоспары негізінде 7-11 сынып оқушылары арасында республикалық "Жарқын болашақ" қазақ тілі олимпиадасының аудандық кезеңі 2023 жылы сәуірдің 12 күні өтілді. Барлығы аудандық кезеңге 4 оқушысы қатысты.

10- сынып оқушысы Телжанов Мағжан – 1- орын, 9- сынып оқушысы Жанарбек Аян, 7- сынып оқушысы Жанарбек Баян, 8- сынып оқушысы Бахытжан Айжарқын түрлі номинация бойынша 3- орын иеленді.

Облыстық «Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасы

«Жарқын болашақ» қазақ тілі олимпиадасының облыстық кезеңі сәуірдің 17 күні өтілді. «Макинск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ- нің 10 сынып оқушысы Телжанов Мағжан Саматұлы жүлделі 1- орынға ие болды. /Пән мұғалімі: Анкей Қанат / Республикалық кезеңіне 06 мамыр өтілді. Қатысушы оқушыға сертификат берілді.

Мектепшілік «Жыл оқушысы-2023» байқауы

Ағымдағы жылдың 3- тоқсанда мектепшілік дарынды балалармен жұмыс жоспарына сай, дарынды оқушыларды анықтау, қолдау, дамыту мақсатында 28 ақпан 2- 11 сынып аралығында «Жыл оқушысы-2023» байқауының 1- кезеңі ұйымдастырылды. Барлығы 58 оқушы қатысты. Қазақ тілі, математика, Қазақстан тарихы және бастауыш буын жаратылыстану пәндерінен тапсырмалар орындап өз білімдерін сыналтты.

2- кезеңге 28 оқушы іріктелді. Мамырдың 03 күні 2- кезең өтілді, 2- 4- сынып оқушылары ағылшын, әдебиет, математика пәндері, 5-10-сынып оқушылар дүниежүзі тарихы, география, ағылшын тілі пәндері бойынша түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындады.

«Жыл оқушысы-2023» байқауының 3- кезеңі мамырдың 25 күні өтіліп, 19 оқушы қатысты. 2- 4,5-10 сынып оқушылары арасында зияткерлік ойын ұйымдастырылды. Қорытынды кезеңі кестеде көрсетілгендей, «Жыл оқушысы-2023» аталымына Хадуан Абдулазиз және Жанарбек Акерке ие болды. Арнайы марапатталынды.

«Жыл оқушысы – 2023ж» байқау қорытындысының 3- кезеңі

7	Әбіш оқулары				1	1		
8	Мәжһүр Жүсіп оқулары				1	мадақ		
9	Қ.Бітібаева		2	2	1	1		
10	М.Мақатаев оқулары		1	1	1	1		
11	Бала ақын-жас дарын				1	мадақ		
12	Абай, Махамбет, І.Есенберлин, Мағжан, І.Жансүгіров оқулары		7	7	2	2		
13	Жарқын болашақ		4	4	1	1	1	-
14	Жыл оқушысы-2023	58/19						
15	Ғылыми жоба, зерде	5	5	5				
16	бастауыш сыныптар олимпиадасы		4	4				
	16	133	60	52	19	10/2	13	11

Қорытындылай келе , мектеп оқушылары оқу жылы бойында аудандық, облыстық ,республикалық деңгейде өткізілген пәндік олимпиадалар, ғылыми жобалар, интеллектуалдық байқауларға тұрақты қатысып , жүлделі орындар иеленді. Егер мектепте оқу жылы соңында 317 оқушы білім алса, солардың 217-сі түрлі байқауларға қатысты бұл 80,1 пайыз оқушы қамтылғанын көрсетеді.

Кепілдеме:

- облыстық деңгейде пәндік олимпиада резервтерін дайындау;
- республикалық деңгейде ғылыми жобаға қатысатын резервтерді дайындау;
- бастауыш және 5-7 сынып оқушыларын пәндік олимпиадаларға , байқауларға қатысуға дайындау.
- шығармашылық байқаулардан республикалық деңгейге резерв дайындау.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс қорытындысы

Оқу жылының басында әр сыныпта отырған оқу мотивациясы төмен оқушылардың тізімі жасалып, әр пән мұғалімі жұмыс жоспарын дайындады. Оқу жылы барысында қосымша тапсырмалар беріп, оқу жетістіктерінің ілгерлеуіне ықпал жасады. Ата-аналарымен жұмыс жүргізілді.Сабақтарға қатысқанда мұғалімнің деңгейлік тапсырмалар беруіне, сабақта жұмыс істеуіне баса назар аударылды.

Кепілдеме:

- үлгерімі төмен оқушылармен сараланған тапсырмалар бойынша жұмыс істеу;
- оқу үлгеріміне мониторинг жасап отыру;
- ата-анасымен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істеу.

2022-2023 оқу жылында өткізілген оқу-әдістемелік жұмыстарға сараптама жасай отырып 2024-2025 оқу жылына келесі әдістемелік тақырыпты алдық:

Білім мазмұнын үздіксіз жаңарта отырып құзыреттілікке және сапаға бағытталған кең ауқымды дағдылардың негіздерін меңгерген оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасып дамуына қолайлы білім беру ортасын құру.

Төмендегі міндеттер қойылды :

- пәндік онкүндіктер мен түрлі іс-шараларды сапалы өткізу, оның педагогтердің кәсіби біліктілігі мен әдістемелігінің шеберлігін жетілдірудегі рөлін арттыру;
- Әр пән мұғалімі әр оқу жылында нақты мақсатпен жұмыс істеп, жұмыс нәтижесіне , кәсіби өсуіне мониторинг жасау ;
- Білім сапасын 54 пайыздан 56 пайызға көтеру;
- Оқыту үдерісінің сапасын көтеру мақсатында мектеп тренерлерінің , тәжірибелі мұғалімдердің тәжірибесін іске асыру. Әдістемелік отырыстарда өзара тәжірибе алмасу жиындарын өткізу, нәтижесіне бақылау жасау;
- Жас мамандардың кәсіби қалыптасуын қамтамасыз ету;
- оқытудың белсенді әдіс-тәсілдері мен тиімді технологияларын іздестіру, тәжірибе-сынақтар жүргізу;

-Мектеп бітірушілердің білімдерінің ғылыми базасын нығайта отырып, таңдаған пәні бойынша жоғары оқу орнына түсуіне бағытталған дайындық жұмыстарын күшейту;

-оқушылардың бойында жоғары моральдік және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыра отырып , оларды кешенді тәрбиелеу бағдарламаларын жетілдіру;

-дарынды оқушылармен жұмыстың нәтижелілігіне баса назар аудару , пәндік олимпиадаларға дайындау, нәтижеге бағыттау, сапасын көтеру.

-үлгерімі төмен оқушылармен жоспарлы жұмыс істеу.

-0-1,4-5,9-10- сыныптардың өзара ықпалдастығын сапалы ұйымдастыру;

Бастауыш сыныптар әдістемелік бірлестігінің 2022-2023 оқу жылының қорытынды есебі

Әдістемелік тақырып:

Сабақтарға жаңа оқыту үлгісін оқу үдерісіне енгізе отырып,оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін үйлесімді дамыту арқылы шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, білім сапасын көтеру.

Мақсаттары:

1. Оқытудың жаңа үлгісін енгізу және тәжірибе алмасу;
2. Ақпараттық технологиялар арқылы оқушылардың қызығушылығы мен белсенділігін арттыру;
3. Әрбір оқушының дербес әлеуеттік және көшбасшылық қасиетін аша отырып,дамыту.

Міндеттері:

1. Мониторинг жүргізу арқылы жеке қабілеттерін ашу;
2. Оқушылардың шығармашыл қабілеттерін ашуға жағдай туғызу;
3. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыстарды тереңдету;
4. Жаңа технологияларды кеңінен қолдану;
5. Оқу – әдістемелік кешендерді жаңартып отыру;
6. Оқу тәрбие процесінде шығармашылық жұмыстарды кеңінен қолдану;
7. Ата – ана ,мектеп,қоғам, психолог, арасындағы байланысты жетілдіру;
8. Мектепшілік, қалалық, аудандық және облыстық деңгейдегі пәндік олимпиада, интеллектуалды ойындарға қатысу.

I.Әдістемелік бірлестік мұғалімдерінің сапалық құрамы

№	Параметрлері	2022/2023 оқу жылы
1	Барлық педагог қызметкерлер	8
2	Біліктілік санаты	
	Педагог-зерттеуші (жоғары)	2
	Педагог-сарапшы	2
	Педагог-модератор	4
	бірінші	-
	екінші	-
	санаты жоқ	-
	жоғары және бірінші санаттың пайыздық үлесі	50%
3	Білімі	
	жоғары	6
	Арнаулы орта	2
	Аяқталмаған жоғары	-
4	Еңбек өтілі бойынша	

3 жылға дейін	-
3 жылдан 8 жылға дейін	1
9 жылдан 16 жылға дейін	3
17 жылдан 20жылға дейін	2
21 –ден жоғары	2

№	Аты -жөні	Туған жылы, айы, күні	Білімі ,бітірген оқу орны ,жылы	санат	Еңбек өтілі	Қурстан өткен жылы	Өзіндік білім көтеру тақырыбы
1	Омарова А.З	12.03.79	2001ж. Щучье қаласы гуманитарлық педагогикалық колледжі. 2007 жылы Көкшетау университеті «Бастауыш сыныптарда оқыту»	Педагог-модератор	21жыл Бастауыш бойынша 8 жыл	Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша 2017ж Өзін-өзі тану 2020 жыл	Оқу үрдісінде оқушылардың шығармашылығын арттыру
2	Муграж Жания	01.05.84	2005ж. Монголияда Мұғалімдер колледжі «бастауыш сынып мұғалімі» 2014ж Кокше Академиясы Бастауыш сынып мұғалімі	Педагог-сарапшы	Жалпы 16жыл Бастауыш бойынша 14 жыл	Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша 2017ж Инклюзивті оқыту 2020ж Өзін-өзі тану 2020 жыл	Жеті модуль әдіс тәсілдерін барлық пәндерде қолдану
3	Шайхыслам Нұргүл		2007 ж. Көкшетау қаласы Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі «Бастауыш сыныпта оқыту» 2018ж Көкшетау қаласы А.Мырзахметов атындағы университеті «Бастауыш сыныптарда оқыту»	Педагог-модератор	16жыл	Жаңартылған білім бағдарламасы бойынша 2017ж "Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялары 2020 ,Өзін-өзі тану 2020 жыл,Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу 2021жыл	Оқу мен жазу арқылы сынып тұлғасынан ойлауды дамыту
4	Шынуар Айтолқын	16.11.90	2010 ж. Көкшетау қаласы Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі «Бастауыш сыныпта оқыту» 2013ж Көкшетау	Педагог-сарапшы	12 жыл	"Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялар	Жаңа ақпараттық технология пайдалану арқылы оқушылар

			қаласы А.Мырзахметов атындағы университеті «Бастауыш сыныптарда оқыту»			ы 2020 ,Өзін- өзі тану 2020 жыл,Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу 2021жыл	рдың тіл байлығы н, ойлау қабілетте рін арттыру.
5	Дәуіт Маншүк	29.04.78	1998 ж. Ақмола гуманитарлық колледжі	-	Жалпы 19ж Бастауы ш сынып бойынш а 15 ж	"Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялар ы 2020 ,Өзін- өзі тану 2020 жыл,Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу 2021жыл	Ойын арқылы балалард ың ой өрісін, тілін, ойлау қабілетін дамыту
6	Рахимбай Айсулу	26.07.95	2016ж Көкшетау қаласы «Арна» колледжі «Бастауыш сыныпта оқыту» Бастауыш сынып мұғалімі	-	7жыл	"Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялар ы 2020 ,Өзін- өзі тану 2020 жыл,Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу 2021жыл	Ойын арқылы балалард ың ой өрісін, тілін, ойлау қабілетін дамыту
7	Сламхан Саулеш	12.01.66	1997.Астана гуманитарлық колледж 2005ж7Көкшетау Шоқан Уалиханов атындағы университеті 2017ж Көкшетау қаласы А.Мырзахметов атындағы университеті «Бастауыш сыныптарда оқыту»	Педаг ог- зертте уші (Жоға ры)	27 жыл	"Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялар ы 2020 ,Өзін- өзі тану 2020 жыл,Мұғалім тәжірибесіндегі зерттеу 2021жыл	Оқушыла рдың логикалы қ ойлауын, шығарма шылық қабілетін дамыту
8	Жылгелдиева Ляззат. Бақытқызы	07.04.76	2002 ж. Көкшетау қаласы Ж.Мусин атындағы педагогикалық колледжі 2016ж Көкшетау қаласы А.Мырзахметов атындағы университеті «Бастауыш	Педаг ог- зертте уші	Жалпы 27 ж Пед 27	"Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеудің заманауи технологиялар ы 2020 ,Өзін- өзі тану 2020 жыл,Мұғалім	Оқушыла рдың логикалы қ ойлауын және шығарма шылық қабілетін дамыту

			сыныптарда оқыту»			тәжірибесіндегі зерттеу 2021 жыл	
--	--	--	-------------------	--	--	----------------------------------	--

II. Ғылыми – әдістемелік журналдарға жарияланған басылымдар

№	Мұғалімнің аты -жөні	Тақырыбы	Жарияланған сайт	Оқу жылы
1	Жилгельдиева Л.Б	«Бастауыш сыныптарда оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдері» мақала	«KEMENGER USTAZ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы Қазан №4 (2) /2022жыл Алматы қаласы (32- бет)	2022ж

III. 2022-2023 оқу жылының мамыр айында 1,2,3,4 –сыныптардан оқу сауаттылығы, қазақ тілі, математика пәндерінен әкімшілік бақылау алынды.

4-тоқсанның соңында оқу жылдамдығы төмендегідей:

1-сыныптар бойынша бақылау жұмысының нәтижелері.Сынып жетекшілері 1 «А» Дәуіт Маншук, 1 «Б» Рахимбай Айсулу.

Кесте № 1 Оқу қарқыны

Сынып	Оқушы саны	Шекті деңгейден асырып оқиды	Шекті деңгей	Шекті деңгейден төмен	сапасы
1 а	17	8	4	5	70%
1б	16	5	5	6	62%

Шекті деңгейден асырып оқитындар: Ақылбек Алтынжан,Ризабек Аяулым,Хыранбек Әбубәкір,Өсербай Нұрмұхамед,Кабенке Нүртілеу,Цогцебек Айзере,Махшанай Інжу,Нұрбек Гаукар,Жанатбек Айзере,Камунал Фатима,Бекболат Кәмшат, Бахытберген Мерейлім, Аят Дархан,

Шекті деңгейде оқитындар:Бекешхан Бахтияр,Камаш Әлия, Бағжан Әли, Тайғара Нұрали,Марат Еркебұлан, Бахытбек Нұрсұлтан,Маженова Аяжан,Нүртілек,Нұржан

Шекті деңгейден төмен оқитындар: Арланбек Айда,Арланбек Абумансур, Мерзетхан Нұрилла, Амантай Аружан,Айбек Назым,Советұлы Жанасыл

Кесте № 2

4-тоқсан соңындағы жазба жұмысының нәтижесі :

Жазба жұмысы	сынып	Оқушы саны	жазғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	үлгерім	сапасы
	1А	17	15	5	1	7	2	86%	40%
	1 Б	16	13	2	4	4	3	76%	46%

Оқушылардың ішінде : Махшанай Інжу,Ахылбек Алтынжан,Цогцебек Айзере,Ризабек Аяулым , Жанатбек Айзере, Бахытберген Мерейлім, Камунал Фатима, Бекболат Кәмшат жазуы жақсы. Бекешхан Бахтияр,Камаш Әлия, Бағжан Әли, Тайғара Нұрали,Марат Еркебұлан, Бахытбек Нұрсұлтан,Маженова Аяжан,Нүртілек,Нұржан жазуы орташа. Арланбек Айда,Арланбек Абумансур, Мерзетхан Нұрилла, Амантай Аружан,Айбек Назым,Советұлы Жанасыл жазуы нашар

әріптік қателері көп мүлдем түсініксіз. Оқушылардың көбісі сөйлемнің ар жігін ажырата алмайды, сөйлемнің ортасындағы сөздерді бас әріппен жаза салады.

Оқушылар сөйлемнің ара жігін ажыратпайды. Орфографиялық ережеге сақталмайды. Ы, І, Ң – дыбыстарын шатыстырады, дұрыс тасымалдай алмаған. Каллиграфия қанағаттанарлық.

Кесте №3

Математикадан бақылау жұмысының нәтижесі:

Бақылау жұмысы	сынып	Оқушы саны	жазғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	үлгерім	сапасы
	1 А	17	16	6	5	3	1	93%	68%
	1 Б	16	14	6	-	8	-	100%	42%

Өте жақсы жазғандар: Бахдаурен Інжу, Махшанай Інжу, Ахылбек Алтынжан, Цогцебек Айзере, Ризабек Аяулым, Жанатбек Айзере, Камунал Фатима, Бекболат Кәмшат, Бахытберген Мерейлім, Аят Дархан, Марат Еркебұлан

Жақсы жазғандар: Қыранбек Абубәкір, Кабенке Нұртілек, Мерзетхан Нұрила, Цогцебек Айзере, Бекешхан Бахтияр, Бахытбек Нұрсұлтан, Маженова Аяжан, Нұртілек, Нұржан

Орташа жазғандар: Арланбек Абумансур, Бағжан Әли, Камаш Әлия, Жанасыл, Аружан, Нұрсұлтан, Нұртілек Кәмшат

Қанағаттанарлықсыз бағаға жазғандар: Арланбек Айда,

2-сыныптар бойынша бақылау жұмысының нәтижелері. Сынып жетекшілері 2 «А» Муграж Жания, 2 «Б» Шайхыслам Нургуль.

Кесте № 1

Оқу қарқыны

Сынып	Оқушы саны	Шекті деңгейден асырып оқиды	Шекті деңгей	Шекті деңгейден төмен	сапасы
2 а	16	10	2	2	80%
2б	13	6	4	3	76%

Шекті деңгейден асырып оқитындар: Бергенбек Күнсұлу, Өмірбек Айша, Отархан Алпамыс, Тайғара Нұрай, Бахытжан Ернар, Жәнібек Арайлым, Камуналова Ақнұр, Ермек Мирас, Марат Асылбай, Марат Ерасыл, Тилеу Мөлдір, Әлихан, Даулетбек Диляра, Алтынбек Арайлым, Оразбай Абылай

Шекті деңгейде оқитындар: Амантай Құбылай, Жанұзах Рахман, Солтан Жақсылық

Шекті деңгейден төмен оқитындар: Бекешхан Ерасыл, Темірбек Жаргалсайхан, Тастанбек Бекарыс, Асылбек Ислам

Кесте № 2

4-тоқсан соңындағы жазба жұмысының нәтижесі :

Жазба жұмысы	сынып	Оқушы саны	жазғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	үлгерім	сапасы
	2А	16	14	4	3	5	2	85%	50%
	2 Б	13	11	3	4	2	2	84%	53%

Оқушылардың ішінде : Бахытжан Ернар, Бергенбек Күнсұлу, Өмірбек Айша, Тайғара Нұрай, Отархан Алпамыс, Тилеу Мөлдір, Бахытжан Ақтілек, Бисенов Аяжан, Арманбек Алуа, Бағжан Омар, жазуы жақсы. Ал Камуналова Ақнұр, Амантай Құбылай, Абаева Айда, Марат

Асылай,Марат Ерасыл ,Алтынбек Арайлым,Есболат Алихан,Нуртай Гулнур жазуы орташа.Бекешхан Ерасыл,Темірбек Жаргалсайхан,Бағжан Омар,Асылбек Ислам,Солтан Жақсылық жазуы әріптік қателері көп мүлдем түсініксіз. Оқушылардың көбісі сөйлемнің ар жігін ажырата алмайды,сөйлемнің ортасындағы сөздерді бас әріппен жаза салады.

Оқушылар сөйлемнің ара жігін ажыратпайды.Орфографиялық ережеге сақталмайды. Ы,І,Ң – дыбыстарын шатыстырады, дұрыс тасымалдай алмаған.Каллиграфия қанағаттанарлық.

Кесте №3

Математикадан бақылау жұмысының нәтижесі:

Бақылау жұмысы	сынып	Оқушы саны	жазғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	үлгерім	сапасы
	2 А	16	14	7	3	3	1	92%	71%
	2 Б	13	13	2	6	3	2	84%	61%

Өте жақсы жазғандар: Бахытжан Ернар,Бергенбек Күнсұлу,Өмірбек Айша,Тайғара Нұрай,Отархан Алпамыс,Тилеу Мөлдір, Амантай Құбылай Бахытжан Ақтілек ,Бисенов Аяжан,Арманбек Алуа, Бағжан Омар.,Жақсы Жазғандар: Камуналова Ақнұр,Абаева Айда,Марат Асылай,Марат Ерасыл ,Алтынбек Арайлым,Есболат Алихан,Нуртай Гулнур.Орташа жазғандар: Бердімұрат Елжан .Жанұзақ Рахман,Бағжан Омар,Солтан Жақсылық.Қанағаттанарлықсыз бағаға жазғандар:Бекешхан Ерасыл,Темірбек Жаргалсайхан, Асылбек Ислам,Тастанбек Бекарыс

3-сыныптар бойынша бақылау жұмысының нәтижелері.Сынып жетекшілері 3 «А» Жилгельдиева Ляззат Бақытқызы, 3 «Б» Шынуар Айтолқын.

Кесте № 1

Оқу қарқыны

Сынып	Оқушы саны	Шекті деңгейден асырып оқиды	Шекті деңгей	Шекті деңгейден төмен	сапасы
3 а	16	8	1	7	56%
3 б	16	9	1	5	86%

Шекті деңгейден асырып оқитындар:Алтынбек Айзере, Ибағат Еркежан, Маратова Ақбота, Ақылбек Нұрай, Амантай Абылай,Балабекова Нұрай, Бакболат Нұрсұлтан,Бахытжан Гүлбахрам.Шекті деңгейде оқитындар:Абаева Аяулым, Дүйсек Нұрболат,Жәнібек Гүлсезім,Амет Жансәуле, Болатхан Диас, Тұрдыахын Аян,Шекті деңгейден төмен оқитындар: Бекарыс Нұрай,Болатбек Нұрислам,Асылбекұлы Саят, Нұрбек Кеңшілік, Нургелді Қайсар, Асылханұлы Айқын, Бахытберген Ислам,Рысбай Медине.

Кесте № 2

4-тоқсан соңындағы жазба жұмысының нәтижесі :

Жазба жұмысы	сынып	Оқушы саны	жазғаны	«5»	«4»	«3»	«2»	үлгерім	сапасы
	3А	16	15	5	6	1	3	80%	73%
	3 Б	16	16	4	5	3	3	80%	60%

Оқушылардың ішінде : Балабекова Нұрай, Қасымжанұлы Әлихан, Қажымұқан Айболат, Тұрдыахын Аян,Болатхан Диас,Бахытжан Кәусар жазуы жақсы. Ал Тлеген Ақнұр, Тұрсынбай Алуа, Алтынбек Айдана, жазуы орташа. Нұргелді Қайсар, Нұрбек Кеңшілік, Егізбай Нұрислам, Рысбай Медине жазуы әріптік қателері көп мүлдем түсініксіз. Оқушылардың көбісі сөйлемнің ар жігін ажырата алмайды,сөйлемнің ортасындағы сөздерді бас әріппен жаза салады.

Оқушылар сөйлемнің ара жігін ажыратпайды. Орфографиялық ережеге сақталмайды. Каллеграфия қанағаттанарлық.

Кесте №3

Математикадан бақылау жұмысының нәтижесі:

